

Жалдамалы және жеке тұрғын үйлерді тұтынғаны үшін жалдау құнының шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 175 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қаңтарда № 3753 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 маусымдағы № 470 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 03.06.2020 № 470 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мақсатында, Қарғалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалдамалы және жеке тұрғын үйлерді тұтынғаны үшін жалдау құнының шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың келесідей санаттары белгіленсін:

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар;

1 және 2 топтағы мүгедектер;

мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;

Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;

жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады;

оралмандар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

көп балалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар жатады.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

сессия төрағасы

Ж.Кольжанов

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Х. Жылқыбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК